«Kaspi Bank» АҚ-тың электрондық банктік қызмет көрсету

ережелеріне өзгеріс

Директорлар кеңесінің шешімімен бекітілген (2018 жылғы «05» желтоқсандағы № 2018/12-102 хаттама) «Kaspi Bank» АҚ электрондық банктік қызмет көрсету ережелеріне (бұдан әрі – Ереже) мынадай өзгерістер енгізілсін:

1. «Электрондық қызметтердің тізбесі» деген 3-баптың 3.1-тармағы мынадай редакциядағы 12) тармақшамен толықтырылсын:

«12) ЭЦҚ ашық кілтінің ЭЦҚ жабық кілтіне сәйкестігін куәландыру, сондай-ақ банк қызметтерін пайдаланатын клиенттің тіркеу куәлігінің шынайылығын растау».

2. Ереженің «Қауіпсіздік рәсімдері. Клиенттің қызметтерге құқықтарын аутентификациялау және растау» атты 8-бабы мынадай редакциядағы 8.15.-1-тармақпен толықтырылсын:

«8.15.-1. Техникалық мүмкіндік болған кезде Шоттағы (Шоттардағы) ақшаға рұқсатсыз және заңға қарсы билік етуге жол бермеу мақсатында Клиент Мобильді қосымшада Шоттағы (шоттардағы) ақшаға билік етуге шектеулер қоя алады.

Шоттағы (Шоттардағы) ақшаға билік ету бойынша шектеулерді Мобильді қосымшада сенім білдірілген үшінші тұлғаның Операцияны алдын ала келісуіне құқық беру арқылы Клиент белгілейді.

Сенім білдірілген тұлғаны айқындау функционалы Жеке кабинетте нұсқаулыққа сай жүзеге асырылады.

Kaspi осы функционалды қосу/ажырату және Жеке кабинетте сенім білдірілген тұлғаны белгілеу жөніндегі нұсқаулықты, сенім білдірілген үшінші тұлғаларға қойылатын шарттар мен талаптарды, алдын ала келісу жасалатын Операциялар бойынша лимиттерді және осы функционалға байланысты өзге де шектеулерді өз қалауы бойынша айқындайды.

Клиенттің сенім білдірілген тұлғаны белгілеу бойынша іс-әрекеттері Клиенттің Шоттағы (шоттардағы) ақшаға билік ету бойынша шектеу қоюға келісімі және ҚР АК-тің 152-бабына сәйкес осы бөліктегі Шотқа қызмет көрсету жөніндегі шарт талаптарының өзгерісін растау, сондай-ақ дербес деректерді, телефон нөмірін, Операциялар бойынша мәліметтерді сенім білдірілген тұлғаға (Мобильді қосымшада Клиент айқындаған үшінші тұлғаға) беруге келісім болып табылады.

Егер Клиент сенім білдірілген тұлғаны айқындағаннан кейін, осындай сенім білдірілген тұлғадан Операцияны келісуден бас тарту алғаннан кейін және Kaspi-дің Операцияның тәуекелдері туралы ұсынымдарын елемей Операция жасаса, онда Kaspi Клиентке Шоттағы (шоттардағы) ақшаны пайдалану немесе билік ету бойынша белгіленген шектеулерден пайдалана алмау салдарынан келтірілген кез келген тікелей, жанама, қасақана, кездейсоқ немесе одан кейінгі кез келген сипаттағы шығындарды қоса алғанда, шығындар үшін Клиенттердің алдында жауапкершілік атқармайды».

3. «Шағымдар. Даулы жағдайларды шешу» атты 11-бөлімнің 11.6-тармағы мына редакцияда жазылсын:

«11.6. Клиентке ақшаны қайтару оның негізді шағымының негізінде Kaspi мұндай ақшаны үшінші тұлғалардан алғаннан кейін және Kaspi-дің және/немесе төлем жүйесінің ережелерін сақтаған кезде жүзеге асырылады. **Терминал арқылы Шот валютасынан ерекшеленетін валютадағы ақшаны есептеуге байланысты даулы жағдайлар бойынша ақша Kaspi белгілеген және Терминалға ақша салынған күні Kaspi-ге клиенттің нұсқауының келіп түскен күні мен уақытында қолданыста болған валюта айырбастау бағамы бойынша Шотқа есептеледі».**

4. Ереженің 17-бөлімінің «Терминалдар» деген 2-тарауы мынадай редакциядағы 11-тармақпен толықтырылсын:

«11. Терминалда шетел валютасында жасалатын қолма-қол ақшамен жасалатын операция (ақша салу/алу) Клиенттен Терминалда нұсқау түскен күні мен уақытына Kaspi-де белгіленген бағам бойынша ескеріледі».

***